

Дарынды жас – ұлттың интеллектуалдық байлығы. Ал сапалы білімнің іргетасы мектепте қаланатыны белгілі. Осы орайда ширек ғасыр Батыс Қазақстан облыстық мамандандырылған дарынды балалар мектебіне басшылық етіп, «Құрмет» орденінің иегері атанған, педагогика ғылымдарының кандидаты, ҚР Білім және ғылым министрлігінің «Ең үздік мектеп директоры» дипломын екі мәрте иеленген Нәсіпқали Дәулетовпен сұхбаттасқан едік.

- Нәсіпқали Дәулетұлы, әңгімені еліміздегі дарынды балалар мектебінің ұйымдастырылуынан, оның негізі қалануынан бастасақ?

- Әлемдік білім берудің тәжірибесінде интеллектуалдық қабілеті жоғары балаларды даярлау 12-13 жылдық лицейлер, гимназиялар және де арнаулы мамандандырылған оқу орындары арқылы жүзеге асырылып келеді. Осы негізде Елбасы 1996 жылы «Дарынды балаларға арналған мектептерді мемлекеттік қолдау және дамыту» туралы Жарлыққа қол қойған еді. Қабілетті балаларға сапалы білім беруді мақсат еткен гимназиялардың бірі Орал педагогикалық институты жанынан ашылған «Педагогикалық лицей» болатын. Кейін ол 2000-2001 оқу жылынан бастап «Облыстық дарынды балаларға арналған мамандандырылған мектеп» болып өзгертілді.

Орал пединституты жанынан ұйымдастырылған «Педагогикалық лицейдің» өзге гимназиялардан айырмашылығы – білімдік-әдістемелік деңгейі институттың ғылыми-материалдық базасында ұйымдастырылуында. Бұл білім мазмұны мен оқу үрдісі дарынды балаларға білім берудің талабына сәйкес ұйымдастырылуына қолайлы жағдай жасады. Сол кездегі институт ректоры Тұяқбай Рысбеков оқушылардың білім алуына, тұрмыстық жағдайына ыңғайлы болуы үшін институттың бір ғимаратын лицейге босатып берді. Сондай-ақ жоғары оқу орнының ғылыми-әдістемелік, материалдық базасын студенттермен бірдей пайдалануына мүмкіндік жасады. Лицейдің үздік көрсеткіштерге жетуіне М. Өтемісов атындағы БҚМУ-дың ғалымдары, әдіскерлері, оқытушылары ерекше үлес қосты.

- Интеллектуалдық жағынан қабілетті балаларға сапалы білім беруде қандай елдің тәжірибелері негізге алынады?

- Осы кезге дейін лицей түлектерінің барлығы университеттерге грант негізінде қабылданып келді. «Болашақ» бағдарламасы бойынша 100-ден астам түлектеріміз әлемдік деңгейде білім алып, ғылым кеңістігіне еркін енуде. Бірыңғай бейінді білім беруде жекелеген пәндер тереңдетіп оқытатын англо-саксондық және әр оқушының шығармашылық қабілеттерін дамыту бағытындағы финляндиялық жүйені пайдаланамыз. Бұл бағыттар әлемдік прак-

тикада ғана емес, біздің жағдайымызда да ерекше тиімділігін көрсетті. Ол шағын топтар арқылы әр оқушыны даралап алып, таңдаған бағдарына қарай тереңдете білім беруге мүмкіндік берді.

Екіншіден, Франция, Германия және Қытайдағы сықылды таңдау әрі міндетті пәндердегі сабақты 80-90 минут ұзақтықта өткізу қолға алынды.

Үшіншіден, білім стандартын оқушылардың жүйелі, тұрақты меңгеріп отыруын қамтамасыз ететін жапондық білімді бақылаудың мониторингтік әдістеріне ерекше мән берілді. Бұл оқушылардың білімді алу, мұғалімдердің білім беру үдерісінің деңгейін күнделікті, тоқсандық жылдық бақылау арқылы жоғары тиімділігін көрсеткен инновациялық тәсілдердің бірі болды.

- БҚО мамандандырылған дарынды балалар мектебіне 25 жыл толып отыр. Осы аралықта қандай жетістіктерге қол жеткіздіңіздер?

- Дарынды балалар мектебінің ең басты жетістігі деп «Болашақ» бағдарламасы бойынша 150-ден астам лицей түлегінің білім алуын айтар едім. Нақтыласақ, олардың үлкен бір шоғыры, сонау алғашқы жылдарымыздың өзінде-ақ Ұлыбританияда (Гүлім Нұрабаева, Гүлжан Ашығалиева, Альфия Ермұқашева, Арайлым Нұрабай, Марлен Меңдібаев), АҚШ-та (Үміт Қажығалиева, Алтынгүл Тұралиева, Әсел Есенгелдиева), Малайзияда (Анаргүл Иманғалиева, Арман Мырзаболатов, Лунара Батырханова, Жанар Дәулетова), Қытайда (Азамат Бисенов, Айжан Қуанышқалиева, Лаура Өтемісова), Түркияда (Жандос Шолақов, Талғат Шумиев) білім алды. Олардың қатарында сол университеттерде оқып жүріп, әр түрлі халықаралық



Нәсіпқали ДӘУЛЕТОВ:

«Сауатты мұғалім сиреп барады»

деңгейдегі конкурстардың жүлдегерлері болған Д. Иманғалиев, Ә. Сәлімова, Б. Мұратов, Ә. Ақанова, А. Бекесова, А. Кушаев, Д. Молдашева сияқты түлектеріміз бар. Солардың бірі – Дархан Иманғалиев 2007 жылы мектепті «Алтын белгі» аттестатымен бітіріп, ҚБТУ-дың ақпараттық технология факультетіне түсті. Президент сти-

тінде, Қазақ-Британ техникалық университетінде, әл-Фараби атындағы ҚҰУ-да, Қ. Сәтпаев атындағы қазақ ұлттық техникалық университетінде және Л. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде білім алып, үздік тәмамдауда.

- Нәсіпқали Дәулетұлы, тәжірибелі педагог ретінде сізді күні бүгін педагогика саласына қатысты қандай мәселе жиі мазалайды?

Әрі жыл санап бұл мәселе күрделене түсуде. Егер университеттердің базасында педагогикалық бағдардағы бейінді, жаңа үлгідегі инновациялық мектептер жұмыс істесе, мұғалімдік мамандыққа сапалы кадр даярлау жүйелі жолға қойылар еді.

Қайткен күнде де, қолда бар әлемдік және отандық инновациялық тәжірибелерді қолдану арқылы білімді де тәрбиелі ұр-

Еліміздегі университеттер шетелдің оқу орындарымен байланыс орнатқандығын алға тартады. Бірақ сол отандық университеттердің көбінің өздеріне сапалы талапкерлер дайындайтын жаңа үлгідегі мектептермен байланыстары жоқ. Әсіресе, педагогикалық мамандыққа түсетін талапкердің білім сапасының жоғары болуы – бүгінгі таңда ең бір көкейкесті мәселе.

пендиясының иегері атанып, университетті үздік дипломмен тәмамдады. Кейін «Болашақ» бағдарламасы бойынша Ұлыбританияның Манчестер университетінде оқып жүріп, «Codejam» бағдарламасы бойынша Испания, Қытай, Италия, Ұлыбритания, Жапония студенттері қатысқан халықаралық жарыста жеңімпаз атанды.

Бұдан біз еліміздің бір ғана өңірінен-ақ өркениеті жоғары әлемдік елдердің студенттерімен интеллектуалдық қабілеттері мен білімдері деңгейлес жастарымыздың бар екенін көруімізге болады. Сонымен қатар М. Ломоносов атындағы ММУ жанындағы А. Колмогоров физика-математика мектебін аяқтаған 20-ға жуық оқушыларымыз Ресейдің Ломоносов, Губкин, Бауман атындағы университеттерінде білім алды. Сондай-ақ еліміздегі Назарбаев университе-

- Елбасы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында «...аса білімді адам ғана табысты болудың басты факторына айналады» деген болатын. Елімізде рухани жаңғыруымызға қатысты мәдени шаралар жүзеге асырылғанымен, білім саласы бойынша нақты жобалар қолға алынбай келеді. Интеллектуалдық мамандықтарға дайындайтын жаңа үлгідегі инновациялық мектептер ғылыми орталықтармен, университеттермен тікелей жұмыс істеуі қажет. Нәтижесінде дарынды жастар ғылымға, әлемдік деңгейдегі іргелі университеттерде білім алуға жастай бейімделеді. Мысалы, Ресейдің Мәскеу, Санкт-Петербург, Новосібір секілді ірі қалаларындағы университеттер жанында өздеріне талапкерлер дайындайтын бірнеше интеллектуалдық мектептер бар. Айта-

пақты үздіксіз қалыптастыруымыз керек. Елбасы күні кешегі «Қазақстандықтардың әлауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Жолдауында да білім мәселесіне ерекше көңіл бөліп, бірнеше мәселеге жеке-жеке тоқталды. Әсіресе, Елбасының «Назарбаев зияткерлік мектептерінің оқыту жүйесі мен әдістемесі мемлекеттік мектептер үшін бірыңғай стандарт болуы тиіс. Бұл мектеп білімін реформалаудың қорытынды кезеңі болады» деген тапсырмасы біз бағанадан бері айтып отырған интеллектуалдық қарым-қабілеті жоғары балаларды даярлаудың озық үлгісі бүкіл елімізде қолға алынатындығын көрсетеді.

**Сұхбаттасқан
Гүлсезім БИЯШЕВА,
"Орал өңірі"**

Г.К.